

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 шілдедегі N 1060

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығының 15-бабының негізінде "Специалти Металз Компани" фирмасымен 1995 жылы шілдеде "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамын басқару құқығына жасасылған келісім-шарттың табысты орындалу барысын ескере отырып, "Қазақстан Республикасының титан-магний өнеркәсібін одан әрі дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 сәуірдегі N 517 P960517_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының титан-магний өнеркәсібін дамытудың 1996-2001 жылдарға арналған бағдарламасын орындау үшін қосымша инвестицияларды тарату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті бір апта мерзімде "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының 36 процент мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін келісілген шарттарда "Специалти Металз Компани" басқарушы фирмасына тікелей атаулы сатуды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне берсін.

2. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі